


ҚАРЖЫЛЫҚ АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС



Fingramota.kz «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын және атқарушылық іс жүргізуді реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының негізгі ережелері туралы түсініктеме беруді жалғастырады.

Өткен жарияланымда біз қарыз алушыларға қолда бар несиелер бойынша қарыздарды көбейтпеуге немесе борышты төмендетуге, коллекторлық нарықта және банк омбудсманында қандай өзгерістер болғанын, сондай-ақ әскери қызметшілер үшін несиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және жылыту маусымында жалғыз баспанасынан шығаруға тыйым салу жөніндегі шараларды қарастырдық.

Бүгін Fingramota.kz қаржылық алаяқтық саласындағы заңнамалық новеллалар жөнінде айтып береді. Жаңа заң тұтынушыны биометриялық идентификаттаусыз онлайн қарыздар беруге тыйым салады. Егер де сіз алаяқтықтың құрбаны болсаңыз, бұдан былай ақпараттық және киберқауіпсіздікті сақтамағаны үшін банк немесе МҚҰ жауап беретін болады.



БҰЛ НЕДЕН БАСТАЛДЫ?

Қаржылық алаяқтықтың күрт өсуі COVID-19 пандемиясы кезінде орын алды, бұл негізінен телефон мен интернеттегі алаяқтық болды. Сол уақытта барлық ірі сауда нүктелерінің жабылуына байланысты тауарлар мен қызметтерді онлайн-сайтта сатып алу кеңінен қолданылды, бұл жағдайды алаяқтар белгілі маркетингтік клондық сайттарын құру арқылы өз пайдасына шешті.

Интернет желісінде карантиндік шектеулерге байланысты жылдам және кепілді әлеуметтік төлем алуға шақырған көптеген ақпараттар пайда болды. Бұл орайда шектеулер жөнінде толық ақпараттың болмауына және интернет-банкінгі қолдана алмайтын азаматтарымыз алаяқтардың құрбандарына айналды. Соңғы екі жылда қаржылық алаяқтықтың өсуі жалған банктік қарыздар мен микронесиелер рәсімдеу, сондай-ақ азаматтардың шоттарынан, көбінесе олардың депозиттерінен қаражат алу арқылы кредиттеу саласында байқалады.

НЕ ІСТЕЛДІ?

2021 жылғы мамыр. Агенттік онлайн-микронесиелер беру кезінде қарыз алушыларды идентификаттау тәртібін белгіледі. Ендігі жерде онлайн-микрокредит беру кезінде микроқаржы ұйымы клиентті идентификаттауды үш тәсілдің бірімен жүргізуге міндетті: электрондық цифрлық қолтаңба арқылы, Ұлттық Банктің сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының сервисі арқылы қарыз алушыны биометриялық идентификаттау арқылы не дербес деректерді және нақты уақыт режимінде қарыз алушының бейнесін екі факторлы тексеруді қолдану арқылы.

2022 жылғы қаңтар. МҚҰ-ға клиент көрсеткен абоненттік нөмірді ұялы байланыс операторының дерекқорымен салыстырып тексеру немесе клиенттің ЖСН-ін «электрондық үкімет» веб-порталындағы ұялы телефондар нөмірлерінің базасында салыстырып тексеруді жүзеге асыру міндеттелді. МҚҰ қарыз алушыны екі факторлы биометриялық идентификаттауды жүргізе бастады. Бұл жеке деректерге қол жеткізу және жеке басын растау үшін аутентификациялық деректердің – пароль + SMS-хабарлама екі факторы қолданылады дегенді білдіреді.

2023 жылғы шілде. Агенттік «Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы» ЗТБ-мен және 18 банкпен бірлесіп алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және алаяқтық несиелерді рәсімдеу кезінде туындаған берешекті реттеу жөніндегі жоспардұмға қол қойды. Тараптар банк қосымшаларының кибер және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, биометрияны міндетті тексеру және өтініш берушінің ұялы телефон нөмірін ұялы оператордың деректерімен, сондай-ақ қарыз рәсімделетін тұлғаның нақты мобильдік нөмірімен салыстырып тексеру жөнінде уағдаласты.

Меморандумда банктердің алаяқтық қарыздар бойынша күнтізбелік үш күн ішінде сыйақы есептеуін, талап-арыз жұмысын тоқтата тұруы, құқық қорғау органдары мен соттың шешімдері негізінде мұндай қарызды есептен шығару туралы талап жазылған.

2023 жылғы қазан. Үкімет байланыс, төлемдер мен ақша аударымдары және тұтынушылық онлайн несиелеу саласындағы реттеуді қатаңдатуға бағытталған несиелік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Жол картасын бекітті. Байланыс операторлары телефон нөмірлерін ауыстырудың алдын алу бойынша, сондай-ақ SIM карталарды беру/ауыстыру кезінде адамды тиісінше тексермегені, сондай-ақ тіркелмеген SIM карталарды пайдалану талаптарын орындамағаны үшін жауап беретін болады. Банктер мен МҚҰ-ға қашықтан қаржылық көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін өз қосымшаларының ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар белгіленді. Тұтынушы жүргізіліп жатқан операцияны қосымша растауы және онлайн режимде хабарлауға тиіс. Тұтынушының құрылғысын қашықтан басқару анықталған жағдайда операция бұғатталады.

Жаңа заң және азаматтарды қолдаудың жаңа әдістері

Жағдайда операция бұғатталады.

Жол картасында несиелік бюроларға мүдделі қаржы ұйымдары мен олардың тұтынушыларын хабардар ете отырып, несиелік алаяқтықты, өзге де заңсыз қызметті анықтаудың онлайн жүйесінің болуы бойынша талаптар белгіленді.

Азамат микронесиені заңсыз рәсімдеу туралы құқық қорғау органдарына жүгінген кезде МҚҰ жалған микронесие бойынша сыйақы есептеуді тоқтата тұруға және тұтынушы бойынша талап-арыз жұмысын тоқтатуға міндетті.

Ақша қаражаттарымен операцияларды жүзеге асыру сәтінде халықаралық алаяқтық жағдайларын анықтау үшін қосымшада тұтынушының геолокациялық деректерінің жазбасы тіркелетін болады.

2024 жылғы ақпан. Азаматтардың несиесі алудан ерікті түрде бас тарту құқығы заңнамалық түрде енгізілді. Бұл әрбір азамат 6 ай мерзімге банктер мен микроқаржы ұйымдарында жаңа несиелер алуға тыйым салуды дербес енгізе алатын арнайы қорғау тетігі. Мұндай тыйымды тек қарыз алушының өзі орната алады. Бұл опция қолданылған кезде қарыз алушының несиесі тарихында оның несиесі алудан уақытша бас тартуға шешім қабылдағаны туралы белгі пайда болады. Банк немесе МҚҰ несиелік бюролардан деректерді сұрай отырып, осындай шектеу белгісі көреді және тұтынушыға қарыз бермеуге автоматты түрде шешім қабылдайды. Бұл ретте шектеу ломбардтарға, сондай-ақ өз тұтынушыларының несиелік тарихын бағаламайтын басқа ұйымдарға қатысты емес. Банктік қарыздар, микронесиелер алудан ерікті түрде бас тарту несиелік алаяқтардан қорғану болып табылады және egov.kz сайты мен e-GOV mobile қосымшасында қолжетімді болады. 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 385 мың азамат несиесі алудан ерікті түрде бас тартуды рәсімдеді.

ЖАҢА ЗАҢ НЕ ЖАЙЛЫ?

2024 жылғы 22 шілдеден бастап Ұлттық Банктің Антифрод-орталығын құру туралы норма белгіленді. Орталықтың басты міндеті – алаяқтық операциялар бойынша деректерді жинау, банктердің және МҚҰ-ның нақты уақыт режимінде күдікті операцияларды бұғаттауы.

Енді алаяқтық операцияларды анықтауға және алаяқтық транзакциялар бойынша жедел әрекет етуге, ондай операциялар бойынша қаражатты бұғаттауға, қаржы ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасында нақты уақыт режимінде ақпарат алмасуға, алаяқтық операциялардың бірыңғай базасын және төлем операцияларының аналитикасын қалыптастыруға және жүргізуге мүмкіндік бар.

2024 жылғы 20 тамыздан бастап тұтынушыны биометриялық сәйкестендіруден өткізбей онлайн банктік қарыздар мен онлайн микронесиелер беруге тыйым салу заңды тұрғыдан әрекет ететін болады. Сондай-ақ, заңға тәуелді деңгейде Агенттік Интернет арқылы кредит беру кезінде liveness тексеруінің жүргізілуін талап етеді. Liveness – алаяқтар адамның жеке аккаунтына, мысалы банктік шоттарға қол жеткізу мақсатында кіру үшін дауыстық жазбаларды немесе фотосуреттерді қолдануға әрекет жасаған уақытта тірі адамды бетпердеден немесе дипфейктен ажыратуға мүмкіндік беретін технология. Бірақ liveness биометриялық технологиясының арқасында мұндай шабуылдарды болдырмауға болады. Алаяқтардың тұтынушылардың фотосуреттерін пайдалануын болдырмау үшін тұтынушыға бақылау қозғалыстарын жүзеге асыру қажет болады.

2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап несиені рәсімдеуден ерікті бас тартуы болған кезде қарыз алушы несиелік ұйым берген несиені өтеуден босатылады. Егер азамат несиесі алудан ерікті түрде бас тартса, бірақ осы кезеңде оған несиесі заңсыз рәсімделген болса, онда, кредитор-банк немесе МҚҰ қарызды есептен шығаруға міндетті болады.

2024 жылғы 1 қазаннан бастап банктер мен МҚҰ-ның несиесі рәсімдеуге келіп түскен өтініштер бойынша мәліметтерді нақты уақыт режимінде несиелік бюроға беру міндеті заңнамалық тұрғыдан енгізіледі. Мұндай норма «несиелік шопингті» – бір мезгілде бірнеше несиелік ұйымдарда қарыздарды рәсімдеуді болдырмау үшін белгіленген.

Бұл норма енгізілгенге дейін қалай болды? 2022 жылғы қазан айына дейін несиесі тарихын жаңарту 15 күн ішінде жүзеге асырылды. Банктер мұны тез арада жүргізіп отырды, ал микроқаржы ұйымдары деректерді жаңартуды 15 күнге дейін уақыт созған жағдайлар орын алды және бұл заң бұзушылық деп саналмады.

2022 жылғы қазанда банктер мен МҚҰ (несиелік серіктестіктер мен коллекторлық агенттіктерді қоспағанда) берілген жаңа қарыздар туралы мәліметтерді 1 жұмыс күнінің ішінде міндетті тәртіппен несиелік бюроларға беретін болды, ал қарыз алушылар туралы алдағы уақытта кез келген ақпаратты жаңарту 10 жұмыс күні ішінде жүргізілді. Сөйлеп, тұтынушылардың өздері немесе алаяқтар қысқа уақыт ішінде бірнеше қаржы институттарынан несиесі ала алатын «несиелік шопинг» жағдайлары азайды. Алаяқтық кредиттерін басқа, мұндай норма азаматтардың қаржы жүктемесін ұлғайтпауға мүмкіндік берді. Егер қарыз алушы «несиелік шопингпен» айналысқан болса, күнделікті есеп борыш жүктемесінің коэффицентін, яғни ай сайынғы төлемнің қарыз алушының ресми кірісінің жартысынан және одан жоғары болуын одан әрі анықтауға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, кейіннен туындайтын қиындықтарымен қоса мерзімі өткен берешектің алдын алуға жағдай тудырады. Егер несиені алаяқтардың рәсімдегені белгілі болса, жалған несиені анықтағаннан кейін қарыз алушы кредиттік ұйымға және құқық қорғау органдарына өтініш беруге тиіс. Өтініште болған жайтты толығымен сипаттап, несиелер рәсімдеу фактісі бойынша барлық жазбаша дәлелдерді қоса беру қажет.

Жаңа заң кредиторларды алаяқтық несиелер бойынша тергеу іс-шараларын жүргізудің барлық кезеңінде сыйақы есептеуді және талап-арыз жұмысын тоқтата тұруға міндеттейді. Егер сот алаяқтық фактісін анықтаса, банк немесе МҚҰ тұтынушыға қойылатын талаптарды тоқтатуға тиіс.

«Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі

«Қалалық орталық кітапхана» КММ директорының бос лауазымына конкурс жариялайды.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4-шағын аудан, 72-ғимарат

Негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Қалалық кітапхананың әкімшілік-шаруашылық және экономикалық қызметіне басшылық етеді. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес кітапхана қызметіне қабылданған шешімнің зардаптарына, сондай-ақ оның қызметінің нәтижесіне толық жауапкершілік ала отырып басшылық жасайды. Кітапхананың мүліктері мен қаражатына басшылық жасайды, кітап қорын есепке алу, сақтау және толықтыруды қамтамасыз етеді, ұйымының жұмыс тәртібін сақтайды. Жұмыстың келешектегі және жылдық жоспарын дайындауды және бекітуді ұйымдастырады. Басқа да кітапханалармен, мүдделі ұйымдармен іскерлік байланыс орнатады және қолдайды. Қызметкерлерге тиісті еңбек жағдайын жасайды, олардың өндірістік және еңбек тәртібін, еңбекті қорғау ережелерін, қауіпсіздік техникасын және өрттен қорғану ережелерін сақтауын бақылайды. Кәсіптік білікті мамандармен қамтамасыз ету, олардың білімі мен тәжірибесін тиімді пайдалану және дамытуды қамтамасыз ету, моральдық және материалдық ынталандыру шараларын қабылдайды. Кітапхананы мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми және басқа да ұйымдарда өкілдік етеді, қажетті есепті дайындау және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: 1. Білім беру (кітапхана ісі) немесе қызметтер (кітапхана жұмыстары) мәдени саласы бойынша жоғары білімінің болуы. 2. Басшылық кезімте (кем дегенде 5 жыл) жұмыс тәжірибесінің болуы, Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (Жалпы және Ерекше бөлімдер) «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, «Мемлекеттік мүлік туралы» заңын, «Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы» заңын және т.б. ҚР нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады: 1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі; 3) Еркін үлгіде мазмұндалған өмірбаяны; 4) Білімі туралы құжаттардың көшірмесі; 5) Еңбек кітапшасының (егер болған жағдайда) немесе еңбек шартының немесе соңғы жұмыс орнындағы жұмысқа қабылдау туралы бұйрығының немесе еңбек шартын тоқтату туралы жазба. 6) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің міндетін атқарушы 2010 жылғы 23 қарашадағы «Денсаулық сақтау ұйымдарындағы алғашқы медициналық құжаттама түрлерін бекіту туралы» №907 бұйрығына сәйкес бекітілген үлгі бойынша денсаулық туралы анықтама; 7) Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіптік деңгейіне (біліктілігін көтеру, ғылыми дәрежелер және атақтар, ғылыми басылымдар туралы құжаттардың көшірмесі, бұрынғы жұмыс орны басшылығынан келіпдіктер және т.б.) қатысты қосымша мәліметтер бере алады. Қажетті құжаттарды баспасөз ақпараттық құралдары ресми басылымдарында сайыс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекен-жайға әкелінуі қажет. Ақтау қаласы, 4-шағын аудан, №72 ғимарат 518-бөлме.

Анықтама телефондары: 8 (7292) 336525

Электронды мекен-жай: aidana.muratova@mangystau.gov.kz

«Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ.

«Topan Chemical Industries» ЖШС – «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында қауіпсіздік сода және құрамында хлор бар өнімдер шығаратын зауыты. Құрылыстың 1-кезеңі «Кальций хлориді өндірісі». (Сметалық құжаттамасыз). Түзету және жобаға арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы (РҚҚ); Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы; Қалдықтарды басқару бағдарламасы; «Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары» жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды: Тыңдаулар 2024 жылғы 16 қыркүйекте, сағат 15:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы, мәдениет үйі. ZOOM платформасы: <https://us05web.zoom.us/j/4819756259?pwd=UGdLdDhDY2pkc1p5bHUZRGF4MC9vUT09&omn=86553403304> Конференция идентификаторы: 481 975 6259 Кіру коды: hki3Wu Жобаның тапсырыс берушісі: «Topan Chemical Industries» ЖШС, БСН 160440022373, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., индустриялық аймақ 5, тел: +7-707-533-8233. Жоба әзірлеушісі: ЖК «Е.А.Арустамова», ЖСН 800427401698; телефон +77013678071, әл. пошта: a.ekaterina14@mail.ru Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, әл.пошта: s.bazarbai@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88; ұялы: +7 (778) 113-9897 Құжаттама <https://ecoportal.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> интернет-ресурста орналастырылған. Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы: a.ekaterina14@mail.ru.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

«BUZACHI OPERATING LTD» (БУЗАЧИ ОПЕРЕЙТИНГ ЛИМИТЕД) компания филиалының жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің (БИН 080840004025) атына берілген мердің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Р.Ө.Қабдығали атына берілген 29.10.2015 ж. №3-13633 сату-сатып алу келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН: 20-48-42